**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 20 қазандағы N 300-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын, қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін және жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі уәкілетті органды хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 20 қазандағы N 300-ө өкімімен бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

| р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Кесімнің нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік орган | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Қазақстан Республикасында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | ЭБЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ТЖМ | 2006 жылғы қараша |
| 2 | | | | 2006 жылғы қараша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстары бар мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жұмылдыру дайындығын бағалау ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | ЭБЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ТЖМ | |
| 3 | Жұмылдыру туралы хабарлау ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | ЭБЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ТЖМ | 2006 жылғы қараша |
| 4 | Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарымен белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын ұйымдардың орындау ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ТЖМ | 2006 жылғы қараша |
| 5 | Ұйымдардың банкроттығы, жойылуы, қайта ұйымдастырылуы және жұмыс бейінін өзгертуі кезінде жұмылдыру тапсырыстарын (тапсырмаларын) алу, беру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ТЖМ | 2006 жылғы қараша |
| 6 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 9 қыркүйектегі N 988-47қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ТЖМ | 2006 жылғы қараша |
| 7 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 1 тамыздағы N 858-38қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ТЖМ | 2006 жылғы қараша |
| 8 | Қазақстан Республикасының халқын соғыс уақытында жабдықтау нормаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ЭБЖМ (жинақтау), ДСМ, ТЖМ, Еңбекмині | 2007 жылғы ақпан |
| 9 | Соғыс уақытында тамақтандыру мен сауданы ұйымдастыру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ИСМ (жинақтау), ДСМ, ТЖМ, Еңбекмині | 2006 жылғы қараша |
| 10 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 237 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ТЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ЭБЖМ | 2006 жылғы қараша |
| 11 | Мемлекеттік материалдық резервтегі материалдық құндылықтарды қалыптастыру, жинақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ТЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ЭБЖМ | 2006 жылғы қараша |
| 12 | Мемлекеттік резервті сақтауды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге шығындарды өтеудің, сондай-ақ төтенше жағдайлардың зардаптарын жою, рыноккқа реттейтін ықпал жасау және ізгілік көмек көрсету үшін шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | | 2006 жылғы қараша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құндылықтары үшін шығындарды өтеу ережесін бекіту туралы | | ТЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ЭБЖМ | |
| 13 | Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінің тізбесін бекіту туралы | Бұйрық | ТЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ЭБЖМ | 2006 жылғы қараша |

Ескертпе:

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК